



«Kaspi Bank» АҚ-та электрондық банктік қызмет көрсету ережелері

Осы «Kaspi Bank» АҚ-та электрондық банктік қызмет көрсету ережелері (бұдан әрі – Ережелер) банктер және банк қызметі туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы, ақпараттандыру туралы заңнамаға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банк қызметін көрсету мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

Ережелер Банктің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында және басқа да қашықтан байланысу арналары арқылы ұсынатын электрондық банктік қызметтерін көрсету тәртібі мен тәсілдерін анықтау мақсатында әзірленді. Ережелердің аясында банктік қызмет көрсету шарттары бойынша, соның ішінде баспада орналастырылған банктік қызмет көрсету шарттарының үлгі ережелеріне (бұдан әрі – Үлгі ережелер) немесе Банктің сайтында жарияланған қосылу шарттарына сәйкес жасалған шарттар бойынша Клиенттің құқықтары іске асырылады және олар Үлгі ережелердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ережелер Клиент пен Банктің арасындағы электрондық банктік қызмет көрсетуге байланысты қарым-қатынастарын реттейді.

I бөлім. Жалпы ережелер

1. Ережелерге сәйкес электрондық банктік қызметтер деп банктік шот(-тар)дағы ақша сомасы туралы, банктік шот(-тар) бойынша төлемдер мен ақша аударымдарын жасаумен, банктік шот(-тар) ашумен немесе жабумен және/немесе телекоммуникация желілері бойынша, спутник байланысы немесе басқа да байланыс түрлері арқылы банктің көрсететін банктік операцияларының басқа да түрлерін жасаумен жүргізілген операциялар туралы ақпарат алу үшін Клиенттің өзінің банктік шот(-тар)ына қолжетімділік алумен байланысты қызметтер түсініледі. Электрондық банктік қызметтер ақпараттық банктік қызмет және электрондық төлем қызметі болып бөлінеді.

2. Банк Клиентке Шартты жасасқан сәтте осы Ережелерде, Банктің Тарифтерінде көзделмеген жаңа қосымша ақылы электрондық банктік қызметтер ұсынуға және мұндай қызметтерге Банктің Тарифтерінің мөлшерлемелерін белгілеуге құқылы. Бұл жағдайда Банк Клиентке www.kaspi.kz мекенжайындағы Интернет ресурста мұндай жаңа қызметтерді көрсету ережелерін орналастыру арқылы қосымша қызметтерді көрсету (қосу) ұсынысы туралы хабарлама жолдайды. Клиент жарияланған қосымша қызмет көрсету ережелерінде көзделген конклюденттік әрекеттерді, соның ішінде қызмет алу бойынша әрекеттерді, Шот-көшірмедегі Банктің ұсынысындағы ережелерде көзделген тәсілдермен ақпаратты сұрату (қызметті қосу) сияқты немесе басқа да әрекеттерді жасаған жағдайда, Қосымша қызметтер Клиентке көрсетіледі (қосылады).

3. Ережелердің аясында электрондық банктік қызметтерге Интернет желісіндегі Банктің www.kaspi.kz мекенжайындағы веб-сайтында көрсетілген қызметтер, соның ішінде «ШМЖС» (Шотқа мониторинг жүргізу сервисі) қызметі жатады. Банктің электрондық банктік қызметтерге жататын басқа да қызметтерін ұсыну тәртібін Банк анықтайды және қызмет көрсету басталғанға дейін күнтізбелік 5 күн бұрын Интернет желісіндегі Банктің www.kaspi.kz мекенжайындағы веб-сайтында алдын ала жариялайды.

4. Ережелерде төменде көрсетілген бас әріппен жазылған терминдердің мынадай мағынасы бар:

- 1) Call Center – Банктің бөлімшесі немесе Клиенттердің қоңырауларын қабылдайтын және өңдейтін, Банктің өнімдері мен қызметтері туралы хабарлайтын, Карталарды Іске қосатын, Тосқауылдайтын және Клиентке ағымдағы қызмет көрсету үшін Банктің анықтайтын басқа да функцияларын жүзеге асыратын қызмет;

- 2) Акцепт – Шарт жасасу ұсынылатын Клиенттің Шарт жасасу ұсынысын қабылдауды және Шарт жасасуды куәландыратын әрекеттері;
- 3) Банктің деректер базасы – Банктің SMS-сұратуларды алуын, тіркеуін, өңдеуін және орындауын, сондай-ақ Банктің SMS-хабарлар жолдауын қамтамасыз ететін Банктің бағдарламалық-техникалық кешені;
- 4) Шарт – Банк пен Клиенттің арасында жасалған Электрондық банктік қызмет көрсету шарты;
- 5) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы – Клиентке оны Анықтау/Тіркеу фактісі бойынша банктік операцияларды қашықтан жүргізуге, сондай-ақ www.kaspi.kz мекенжайында орналастырылған Электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне сәйкес шарттар мен Клиенттің Шоттары туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін интернет-сайт, Электрондық банктік қызмет көрсету компоненті;
- 6) Байланыс арналары – Интернет киоскіні қосқанда, электрондық пошта (email), пошталық байланыс, «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы, мобильді банкинг, SMS-хабарлар, телефондар, факс, банкомат, төлем терминалдары, POS-терминалдар, электрондық терминалдар, Мобильді қосымша арқылы Банк анықтайтын тәртіппен және талаптармен пайдаланылатын Клиент пен Банктің арасында ақпаратты беру құралдары;
- 7) Клиент – соның ішінде Ережелерге сай Акцепт жасасу арқылы Банкпен Шарт жасасқан жеке тұлға;
- 8) Жеке кабинет – Клиентке Банктің айқындаған электрондық банктік қызметтерді беруге және Ережелерде көзделген өзге мақсаттарға арналған интернет желісіндегі www.kaspi.kz мекенжайындағы парақша, оған кіру Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Клиентті сәйкестендіру және бірдейлендіру арқылы жүзеге асырылады;
- 9) Мобильді қосымша – Клиенттің мобильді телефон арқылы немесе Мобильді қосымшаны қолдайтын және интернетке қолжетімділік бар өзге құрылғы арқылы Жеке кабинетке кіруіне және операциялар жасауына арналған бағдарламалық қамсыздандыру.
- 10) «ШМЖС» қызметі үшін Клиенттің мобильді/ұялы телефонының нөмірі (бұдан әрі – Клиенттің телефон нөмірі) – «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Анықталған және/немесе Тіркеу кезде Клиенттің берген, Жеке кабинетке кіруі, сондай-ақ SMS-сұратуларды жолдауы және SMS-хабарларды алуы үшін Клиенттің пайдаланатын телефон нөмірі;
- 11) Ұялы байланыс операторы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұялы байланыс қызметін көрсетуге құқылы, Клиентпен байланыс қызметін көрсету туралы шарт немесе оның аясында Клиентке Клиенттің телефон нөмірі берілген басқа да ұқсас шарт жасасқан заңды тұлға;
- 12) Банктің тарифтері – Банктің уәкілетті органы бекіткен, оның қызметіне байланысты Банктің сайтында орналастырылған Банктің қызметі үшін төлемдер мен комиссиялардың мөлшерлемелері;
- 13) Электрондық-банктік қызметтер – Клиенттің төлем қызметі мен ақпараттық банктік қызметтерді алуы үшін қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы өзінің банктік шотына қолжетімділігіне байланысты электрондық банктік қызметтер;
- 14) Электрондық төлем қызметі – банктік шотты пайдалануға және ақпараттық банктік қызметтерге жатпайтын банктік операциялардың басқа түрлерін жүргізуге байланысты төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге байланысты электрондық банктік қызмет;
- 15) Ақпараттық банктік қызметтер – банктің Клиентке оның банктік шоттары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы, жасалған төлемдер мен ақша аударымдары туралы ақпаратты және Клиенттің сұратулары бойынша немесе банк пен Клиенттің арасында жасалған шарт бойынша ұсынылатын және ұсынылған банктік қызметтер туралы өзге де ақпаратты беруіне байланысты электрондық банктік қызметтер;
- 16) «ШМЖС» қызметі – Банктің ақпараттық банктік қызметі, оның аясында Банк Карталарды пайдаланып, Шот бойынша Операциялар жүргізу туралы мәліметтерді, сондай-ақ Ережелерде көзделген «ШМЖС» қызметінің басқа да мәліметтерін Клиентке береді;
- 17) Электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық түрде берілген құжат.

- 18) Электрондық ақша – электрондық нысанда сақталатын және электрондық ақша жүйесінде жүйеге басқа да қатысушылар төлем құралы ретінде қабылдайтын электрондық ақша эмитентінің шартсыз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері;
 - 19) Операциялық күн – төлем қызметтерін, нұсқауларды орындауды тоқтату туралы немесе осындай нұсқауларды кері қайтару туралы өкімдерді қабылдау және өңдеу жүзеге асырылатын уақыт кезеңі;
 - 20) Эмитент – төлем карточкаларын шығаратын банк, соның ішінде Картаны шығарған Банк;
 - 21) Авторлану – Банктің Эмитенттен төлем карточкасын, соның ішінде Картаны пайдаланып Операция жасауға рұқса алуы.
5. Осы Ережелерде пайдаланылатын, бас әріппен берілген басқа терминдердің Үлгі ережелердегідей және электрондық банктік қызмет алған кезде Банк пен Клиенттің арасында жасалатын Шарттардағыдай мағынасы бар.
 6. Осы Ережелердің кейбір тарауларында басқа терминдер мен анықтамалар көзделген, олардың түсіндірмесі мен мағынасы тиісті тарауда айқындалады.
 7. Электрондық банктік қызмет ұсыну Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады және Ережелерде анықталмаған бөлігінде Банктің веб-сайтында орналастырылған, Банк пен Клиенттің арасында жасалатын қосылу шарттарымен реттеледі.
 8. Алдын ала төленген төлем карточкаларды шығару және пайдалану ережесі www.kaspi.kz мекенжайында орналастырылған Банктің құжаттарында анықталады.
 9. Банктің Электрондық ақша жүйесі ережелері www.kaspi.kz мекенжайында орналастырылған Банктің құжаттарында айқындалады.

II бөлім. Электрондық банктік қызметтің кейбір түрлерін ұсыну ерекшеліктері

1-тарау. «ШМЖС» (Шотқа мониторинг жүргізу сервисі) арқылы клиенттердің банктік шоттарын жүргізудің аясында ақпарат беру ережелері

10. «ШМЖС» арқылы Клиенттердің банктік шоттарын жүргізудің аясында ақпарат беру ережелері Банктің Клиентке «ШМЖС» қызметін көрсету тәртібін анықтайды, сондай-ақ осындай қызметті көрсетуге байланысты туындайтын Банк пен Клиенттің арасындағы қатынастарды реттейді.
11. Осы тарауда төменде көрсетілген бас әріппен жазылған терминдердің мынадай мағынасы бар:
 - 1) SMS-сұрату – Клиентті қызықтыратын, «ШМЖС» қызметі аясында алынуы мүмкін мәліметтерді алу мақсатында Ұялы байланыс операторы арқылы Банкке және Банк пен Ұялы байланыс операторының арасында делдал болып табылатын компанияға Клиенттің жолдайтын хабары;
 - 2) SMS-хабар – Клиенттің телефон Нөміріне Банктің Клиентке жолдайтын хабары, онда «ШМЖС» қызметі аясында Клиентке берілетін мәліметтер болады;
 - 3) «ШМЖС» қызметін іске қосу – Банктің Клиентке «ШМЖС» қызметін көрсетуі үшін Банктің техникалық шектеулерді алуы және Банктің SMS-сұратуларды алуы және SMS-хабарларды жолдауы мақсатында Банктің деректер базасында «SMS-сервис» қызметі үшін Клиенттің Сауалнамасында көрсетілген Клиенттің мобильді/ұялы телефон нөмірін Банктің тіркеуі;
12. SMS-сұратуларды Банкке беру үшін телефон(-дар) нөмір(-лер)і туралы ақпаратты Клиент Банкке хабарласып, соның ішінде Call Center телефоны арқылы немесе Интернет желісіндегі Банктің www.kaspi.kz мекенжайындағы веб-сайтынан алады.
13. Банк Банкке SMS-сұратулар беру үшін телефон(-дар)ының нөмір(-лер)ін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы, бұл кезде Банк мұндай өзгерістер туралы Клиентке өзгерістердің болжамды күніне дейінгі 10 (он) күннен кешіктірмей Банктің ішкі құрылымдық бөлімшелеріндегі және филиалдарындағы ақпараттық стенділерде және/немесе Интернет желісіндегі Банктің www.kaspi.kz мекенжайындағы веб-сайтында тиісті ақпаратты орналастыру және/немесе SMS-хабар жолдау арқылы хабарлайды.
14. «ШМЖС» қызметі аясында Банк «ШМЖС» қызметінің осы ережелерінде көзделген мынадай мәліметтерді Клиентке береді:
 - 1) Банк автоматты режимде соның ішінде Клиенттің Карт-шот бойынша жасаған Операциясы туралы және Төлем лимитінің өзгерісі туралы мәліметтер, Төлем лимиті туралы мәліметтер; Шағын көшірме қамтылған SMS-хабарлар жолдайды.

15. Мынадай барлық ережелер сақталған кезде «ШМЖС» қызметі көрсетіледі:

- 1) Клиентте «ШМЖС» қызметін алу үшін техникалық және басқа да мүмкіндіктері бар, атап айтқанда:
- 2) Клиентте GSM стандартында SMS-сұратулар жолдау және SMS-хабарлар алу үшін техникалық құрал бар;
- 3) Клиент – Ұялы байланыс операторының абоненті, онымен құқықтық қарым-қатынастар аясында Банктің тиісті телефон нөміріне Банкке SMS-сұратулар беруге және Банктен Клиенттің телефон нөміріне жолданатын SMS-хабарлар алуға мүмкіндік қамтамасыз етіледі;
- 4) Клиент «ШМЖС» қызметін іске қосуға қажет ақпаратты Банкке берді;
- 5) Банк «ШМЖС» қызметін іске қосты.

16. «ШМЖС» қызметі «ШМЖС» қызметін іске қосқан және Банк Шартты/банктік қызмет көрсету шартын акцепт жасаған сәттен бастап көрсетіледі.

17. «ШМЖС» қызметі мына тәсілдердің біреуімен:

- 1) Шартты жасасқаннан кейін Банктің белгілеген нысаны бойынша жазбаша өтінішпен жеке өзі, бұл кезде Клиент жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі тиіс;
- 2) Ұялы байланыс операторы немесе байланыс арналары арқылы Банктің Клиенттен алған өтінішінің көмегімен;
- 3) Жеке кабинетте көрсетілген әрекеттерді жасау арқылы іске қосылады.

18. Егер:

- 1) Шартта «ШМЖС» қызметін көрсету мүмкіндігі көзделмесе;
- 2) Банк Шарттың аясында Клиентке қорытынды Шот-көшірмені берсе;
- 3) Клиентте Шарттың аясында, сол сияқты Банк пен Клиенттің арасында жасалған кез келген басқа шарттың аясында Банктің алдында орындалмаған міндеттемелері болса;
- 4) Клиент өзінде «ШМЖС» қызметін алу үшін техникалық және басқа да мүмкіндіктерінің бар екенін растамаса және/немесе «ШМЖС» қызметін іске қосуға қажетті ақпаратты, атап айтқанда, «ШМЖС» қызметін алу үшін Клиенттің мобильді/ұялы телефон нөмірін Банкке бермесе;
- 5) Клиент қызмет көрсету барысында «ШМЖС» қызметін көрсету үшін екі не одан көп нөмір берсе, Банк Клиентке «ШМЖС» қызметін көрсетуден бас тартуға құқылы.

19. «ШМЖС» қызметін іске қосқан сәттен бастап Банк Клиенттен төлемақыны, егер мұндай төлемақы көзделсе, Тарифтік жоспарға/Дербес қызметтер жиынтығына сәйкес өндіріп алады.

20. «ШМЖС» қызметі Клиентке Банк пен Клиенттің арасында жасалған тағы бір немесе бірнеше шарттың аясындағы Шартпен бірге берілген жағдайда, «ШМЖС» қызметін көрсеткені үшін төлемақы тек Шарттың/банктік қызмет көрсету шартының аясында ғана өндіріледі.

21. «ШМЖС» қызметін көрсеткені үшін төлемақы Клиенттен Шартта белгіленген тәртіппен Клиенттің қосымша өкімінсіз Карт-шоттан төлемақы сомаларын тікелей дебеттеу арқылы алынады.

22. Клиент Банктің белгілеген нысанында жазбаша өтінішпен Банкке (жеке өзі) хабарласып, «ШМЖС» қызметін алудан бас тартуға құқылы, бұл кезде Клиент жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі тиіс.

23. Клиент «ШМЖС» қызметін алудан бас тартқан жағдайда, банктік қызмет көрсету шарттары бұзылмайды.

24. Мына жағдайларда «ШМЖС» қызметін көрсету тоқтатылады:

- а) «ШМЖС» қызметінің осы Ережелерінде анықталған тәртіппен, соның ішінде «ШМЖС» қызметін алу үшін техникалық және басқа да мүмкіндіктердің болмауынан Клиент «ШМЖС» қызметін алудан бас тартқан кезде; Банк мұндай өтінішті қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап Банк «ШМЖС» қызметін көрсетпейді;
- б) Клиент Шарттан бас тартқанда;
- в) Банк Клиентке шарттың аясында Қорытынды Шот-көшірме ұсынған кезде; Банк Клиентке Қорытынды Шот-көшірме ұсынған жағдайда – осылай ұсынған күні.

25. Үлгі ережелердің аясында Картаны қайта шығарғанда және сәйкесінше осылай қайта шығару нәтижесінде Картаның деректемелері (нөмірлері) өзгерген жағдайда, қайта шығарылған Картаның нөмірін (деректемелерін) пайдаланып, «ШМЖС» қызметі аясында мәліметтер беру жалғаса береді.

26. «ШМЖС» қызметін алуға техникалық және/немесе басқа да мүмкіндіктерін жоғалтқан Клиент Банктің бөлімшелеріне/филиалдарына дереу хабарласуға міндетті.
27. Егер Клиент «ШМЖС» қызметін алу үшін өзінде бар техникалық және басқа да мүмкіндіктері туралы шынайы емес ақпаратты Банкке берген жағдайда, Клиенттің телефон нөмірі туралы шынайы емес ақпаратты берсе, Клиент осындай ақпаратты беруге байланысты барлық (соның ішінде қаржылық) тәуекелдерді көтереді.
28. Клиент Банкке хабарласып, Банкке жазбаша өтініш жазып, Банктің ақпараттық жүйесіндегі Клиенттің телефон нөмірін өзгертуге құқылы, бұл кезде Клиент жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі тиіс.
29. Клиенттің телефон нөмірін Клиенттің пайдалану тәртібі Банктің қатысуынсыз Клиент пен Ұялы байланыс операторының арасындағы шарттық қарым-қатынастармен реттеледі.
30. Банктің Клиенттің телефон нөмірінен алған SMS-сұратуын Клиенттің өзі жолдаған болып саналады, бұл кезде Клиенттің телефон нөміріне жолданатын SMS-хабарлар түріндегі мәліметтерді үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алуына байланысты тәуекелдер үшін Банк жауапкершілік атқармайды.
31. Банк Клиентке хабарлар жолдауға және Клиенттен SMS-сұратулар алуға мүмкіндіктің жоқтығы үшін («ШМЖС» қызметін көрсетуге мүмкіндіктің жоқтығы үшін), егер мұндай мүмкіндік Клиенттің және/немесе Ұялы байланыс операторының арасында бар құқықтық қарым-қатынастардың аясында олардың әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен болса, сондай-ақ Клиенттің, Ұялы байланыс операторының және өзге де үшінші тұлғаның басқа да әрекеттеріне немесе Банктің бақылауынан тыс саладағы басқа да себептерге байланысты болған жағдайда, жауапкершілік атқармайды және Ұялы байланыс операторының немесе басқа да үшінші тұлғаның әрекетінің немесе әрекетсіздігінің нәтижесінде Клиенттің шеккен кез келген шығындары үшін жауапкершілік атқармайды.
32. Клиенттің «ШМЖС» қызметін алуы үшін техникалық және/немесе басқа да мүмкіндіктерін жоғалтуы Клиентті бұл туралы Банк хабардар болған және Клиент жоғарыда аталған мүмкіндіктерін жоғатуынан «ШМЖС» қызметін алудан бас тартқан сәтке дейін Банкке «ШМЖС» қызметін көрсеткені үшін осы «ШМЖС» қызметінің ережелерінде көзделген тәртіппен ақы төлеу міндетінен босатпайды.

**2-тарау. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету ережелері.
«kaspi.kz шотына» банктік қызмет көрсету.
Жеке кабинет**

§1. Терминдер мен анықтамалар. Жалпы ережелер

33. Ережелердің осы тарауының мақсаты үшін пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар төмендегіні білдіреді:
- 1) «kaspi.kz шоты» – Банк шығарған алдын ала төленген төлем карточкалары (АТТК) туралы ақпарат, сондай-ақ мұндай АТТК-лармен жүргізілген Операциялар туралы ақпарат сақталған Банктің бағдарламалық қамсыздандыруы;
 - 2) Бірдейлендіру – сонымен қатар банктік шоттар бойынша және төлем карточкалары/АТТК-ны пайдалану арқылы Операциялар жүргізу үшін Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы арқылы қашықтан хабарласуының заңдылығын растау. Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Құпиясөз бойынша не болмаса Клиенттің Телефон нөміріне Банктен алған Бірреттік код (ЖДСК) бойынша бірдейлендіріледі;
 - 3) Анықтау – «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында алынған Бірреттік кодты (ЖДСК) енгізу арқылы электрондық банк қызметін алу және «kaspi.kz шотын» ашу құқығын бірыңғай растау мақсатында Телефон нөмірін растауға бағытталған Клиенттің іс-әрекеттер кешені.
 - 4) Шот бойынша үзінді көшірме – Банк анықтайтын кезеңде Шотта(тарда) көрсетілген Операциялар туралы ақпаратты Клиенттің назарына жеткізу мақсатында Банктің әзірлейтін және Клиентке жолдайтын ақпараттық үзінді көшірмесі. Шот бойынша үзінді көшірме «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы арқылы не болмаса Банктің бөлімшесінде беріледі;
 - 5) Банк қарызы шарты (немесе БҚШ) – төлемділік, мерзімділік, қайтарымдылық талаптарында ақша беру туралы шарт, ол Банктің Қарыз алушыға беретін несие желісін ашу туралы келісімнің талаптарында жасалады.

- 6) Қолжетімді қалдық – Клиент пен Банктің арасында жасалған шартқа сәйкес несие лимитінің қолжетімді қалдығын, АТТК-дағы ақша сомасын қоса алғанда, Банктегі Клиенттің жинақ және ағымдағы банктік шоттарындағы ақша сомасы;
- 7) Сәйкестендіру – Жеке кабинетке кіру рұқсатын беру үшін Клиенттің жеке басын анықтау. Сәйкестендіру «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Логин бойынша жүзеге асырылады. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына енгізілген Логин Клиентке берілген Логинге сәйкес келген жағдайда, Клиент сәйкестендірілген болып саналады;
- 8) Логин – «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының пайдаланушысының цифрде көрсетілген есептік жазбасының аты. Клиенттің мобильді телефон нөмірі «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Клиенттің логині болып табылады;
- 9) Бірреттік код (ЖДСК) – Клиенттің сұратуы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдармен құрылатын, Банк Клиенттің Телефон нөміріне SMS-хабардың құрамында жіберетін және бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей бірізділігі, оны енгізу Клиенттің шынайылығын растайды және «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Төлемдер/Операциялар жасау үшін Клиентке осы Шарт бойынша электрондық банктік қызметтерге қолжетімділік беруге негіз болады. Осы Шарт бойынша қызметтерге қолжетімділік Клиентке ол «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Төлемдер/Операциялар жасауға арналған әрекеттерді орындағаннан кейін және тек ЖДСК-ні енгізген жағдайда ғана беріледі. Қызметке бір қолжетімділік аясында бір ЖДСК-мен бірнеше Төлем/Операция жасау расталуы мүмкін. ЖДСК сондай-ақ Анықтау, Клиентті қосымша Тіркеу үшін пайдаланылады;
- 10) Операция – банктік шоттарда көрсетілуі тиіс кез келген операция (транзакция), соның ішінде қарыз Операцияларын қосқанда, шығыс Операциялары (несие лимитінің есебінен шығыс Операциялары), Картаны (тауар ақысын төлеу және қолма-қол ақша алу) немесе Клиенттердің өзге төлем карточкаларын пайдаланып, Шоттарға қолма-қол жасалатын немесе қолма-қол жасалмайтын тәсілмен ақша салу; Қайтарылатын төлемдер; Берешекті өтеу үшін Банктің ақшаны есептен шығаруы; Өтінішке, банк қарызы шартына сәйкес есептелген төлемдерді, комиссиялар мен Сыйақыны Шоттардан есептен шығару; Клиенттің әртүрлі шоттарының арасында және үшінші тұлғалардың пайдасына, соның ішінде Банк эмитенті болып табылмайтын төлем карточкаларын пайдаланып, аударым жасау; АТТК-мен жасалатын операциялар, Клиенттің Шоттарында немесе басқа банктік шоттарда көрсетілуі тиіс басқа да операциялар;
- 11) Құпиясөз – Клиентке Логин беруге байланысты және Клиентті «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Бірдейлендіру және оған Жеке кабинетке кіру рұқсатын беру үшін пайдаланылатын алфавиттік-цифрлық символдардың тек Клиентке белгілі тізбегі;
- 12) Тіркелу - Клиенттің Құпиясөз алуға және алынған Құпиясөзді «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында енгізуге және «kaspi.kz шотын» ашуға бағытталған әрекеттер кешені.
34. Шарт бойынша қызметті алуы үшін Клиент барлық мынадай талаптарды сақтауды:
- 1) Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы қызметін алуға және «kaspi.kz шотына» қолжетімділігін қамтамасыз етуге техникалық құралының болуын;
 - 2) Клиенттің Банкке ақпаратты беруін және Шарт бойынша қызмет көрсету үшін іс-әрекеттерді жасауын;
 - 3) Клиенттің Анықтау/Тіркеу/Бірдейлендіру бойынша қызмет көрсетуге Жеке кабинетке кіру рұқсатын алуға қажетті іс-әрекеттерді жасауын қамтамасыз етеді.
35. Клиент www.kaspi.kz мекенжайында көрсетілген әрекеттерді және/немесе Шартта және Ережелерде көзделген әрекеттерді жасау арқылы Шартқа қосылады. Төлем қызметтері көрсетілген кезде Клиент қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес «kaspi.kz» интернет-ресурсы арқылы тиісті қызмет көрсетуге Банкке келісімін растаған сәттен бастап Клиент Шартқа және Ережелерге қосылады. Ережелердің осы тарауында көзделмеген қызметті көрсету тәртібі мен талаптары Шартқа сай реттеледі.
36. БҚШ-ны орындауға байланысты мәмілелер, соның ішінде БҚШ талаптарын, сауалнама деректерін және Жеке талаптарды өзгерту, жаңа мөлшерлерді енгізу немесе мөлшерлерді көбейту, қарыз беруге және/немесе оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді алу тәртібін немесе талаптарын өзгерту, төлем жасау тәртібін, әдісін және тәсілдерін, Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту екіжақты тәртіппен қашықтан байланысу арналары арқылы хабарламалар алмасу арқылы Банк көздеген тәсілмен, атап айтқанда, ЖДСК,

ЖСН-кодты енгізу, электрондық және өзге құжат алмасу, Жеке кабинетте немесе электрондық терминалда әрекеттер жасау арқылы жасалуы мүмкін.

37. Клиент пен Банктің арасындағы өзара қарым-қатынастарда пайдаланылатын, Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы Жеке кабинетте және «kaspi.kz шотында» сәтті авторландырған электрондық түрдегі құжаттар қағаз тасымалдаушыдағы тиісті құжаттарға (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қағаз тасымалдаушыларда берілуі тиіс құжаттар мен шарттарды қоспағанда) тең деп танылады және Тараптардың Шарт бойынша соларға ұқсас құқықтары мен міндеттерін тудырады.

38. Ұялы телефондарға қолжетімділік беретін бағдарламалық қамсыздандыруды (Мобильді қосымша) пайдалану арқылы көрсетілетін электрондық банктік қызметтер Android/iOS операциялық жүйесі бар құрылғыларды (телефондарды) пайдаланатын және Мобильді қосымшаны орнатқан Клиенттерге көрсетіледі.

39. Клиент Мобильді қосымшаны өз бетінше орнатады. Егер Мобильді қосымша Клиенттің мобильді телефонына/құрылғысына сәйкес келмген кезде Клиентке қызмет көрсетуге мүмкіндік болмаған жағдайда, Банк жауапкершілік атқармайды.

§2. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызмет көрсету

40. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында банктік қызмет көрсету аясында Банк мынадай қызметтер көрсетеді (осыларды қоса алғанда, бірақ шектелмей):

1) Клиенттің Шоттарының (Банкте ашылған) арасында ақша аудару туралы Клиенттің өкімдерін орындау, соның ішінде несиені өтеу мақсатында Шоттарды толықтыру (теңгеде/АҚШ долларында/ Еуроода/Ресей рублінде), Банкте ашылған банктік шоттардың арасындағы ақша аударымдары (теңгеде/ АҚШ долларында/ Еуроода/Ресей рублінде);

2) «Visa», «MasterCard» халықаралық төлем жүйесінің төлем карточкасы және АТТК арқылы Клиенттің төлемдеу мен аударымдар жөніндегі өкімдерін орындау;

3) Банкпен жасалған шарттар жөнінде ақпарат беру, соның ішінде несие шарттарының жай-күйін қарау мүмкіндігін, банк қарызы шарты бойынша кезең үшін (көп дегенде 12 ай) үзінді көшірмелер, несиелер бойынша өтеу кестесін (ақша, тауар), жинақ және ағымдағы шоттар бойынша кезең үшін үзінді көшірмелер, Операциялар жүргізілген төлем карточкалары бойынша үзінді көшірмелер (көп дегенде 6 ай) беру;

4) төлем карталары арқылы қызмет ақысын (мобильді байланыс, коммуналдық төлемдер, теледидар және т.б.) төлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

5) Клиенттің АТТК және банктік шоттарынан, соның ішінде Клиенттің төлем карточкаларын пайдаланып, тауар берушілерге қызметі/жұмыстары/тауарлары (мобильді байланыс, коммуналдық төлемдер, теледидар және т.б.) үшін ақша аудару;

6) Автотөлемақыны (және Банктің көрсететін басқа да қызметтерін) қосу және шарттарын өзгерту;

7) Банкпен жасалған Банк қарызы шарты бойынша төлемдерді басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету;

8) қарыз бойынша несиелеу талаптарын өзгерту: төлем жасау тәртібін, әдісін және тәсілдерін; Берешекті өтеу кезектілігін өзгерту;

9) ШМЖС (Шотқа мониторинг жүргізу сервисі) қызметін көрсету;

10) жинақ шоттарымен оқиғалар жөнінде (депозит жөнінде) E-mail-ге және SMS-хабарламаларға қосылу;

11) АТТК-ны сатып алу;

12) АТТК-ны қоспағанда, Карточкаларға тосқауыл қою/Тосқауылдан шығару;

13) мультивалюталық қызмет көрсету;

14) Интернет желісінде сатып алу үшін Карточкаларды іске қосу;

15) Интернет-ресурста төлем жасаған кезде шығыс Операцияларын жасау бойынша лимиттерді белгілеу;

16) Несиені Онлайн алу;

17) Несиені өтеу;

18) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында айқындалған көлемде және тәртіппен Клиенттің сауалнамалық деректерін өзгерту;

19) Электрондық ақшамен төлем жасау;

- 20) Электрондық ақшаны өтеу;
- 21) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы банктік қызмет көрсету шартында көзделген қызметтер;
- 22) Картаны пайдаланып, Клиенттің ағымдағы банктік шоты бойынша Операция жасау үшін қолжетімділік беру. Клиенттің банктің шот бойынша төлем жасауы.
41. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы қызметті Банк Жеке кабинет арқылы көрсетеді. Ереже ажырамас бөлігі болып табылатын Шартты жасасқан Клиенттерге Шарт жасалған күні Жеке кабинет ашылады.
42. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында, соның ішінде Мобильді қосымшаны пайдалану арқылы Клиент Сәйкестендіріліп, Бірдейлендірілгеннен кейін Клиентке Жеке кабинетке кіруге рұқсат беріледі.
43. Мультивалюталық қызмет көрсетудің аясында Банк валюталық шоттар және мультивалюталық шоттар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиентпен жасалған тиісті шарттарда көзделген Операцияларды жүргізеді. Мультивалюталық қызмет көрсету ақысы жүргізілген операцияларға байланысты Банктің Тарифтеріне сай төленеді. Шот ашылған валютадан ерекшеленетін шетел валютасында жасалған операциялар бойынша ақша айырбастау Банкке нақты түскен күнгі Банктің бағамы бойынша жүзеге асырылады.
44. Егер «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Картаны пайдалану арқылы мұндай шоттарға қолжетімділік берілсе, Клиенттің Картасы Клиенттің Жеке кабинетінде көрсетілген ағымдағы банктік шоттарына қолжеткізу құралы болып табылады. Картаны пайдалану арқылы аударым немесе төлем бойынша әрекеттер жасау Клиенттің тиісті ағымдағы банктік шоты бойынша кейіннен Клиенттің Карта арқылы Операцияларды жасауға келісімі болып табылады. Клиент Банкке төлем немесе аударым жасаушыға/алушыға Клиенттің тегін, аты, әкесінің атын хабарлау құқығын береді.
45. Клиент «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында төлем жасаған кезде шығыс Операцияларын жүргізуге лимиттер белгілеген жағдайда, төлемдер Клиент белгілеген лимиттер шегінде жүзеге асырылады.
46. Клиент кез келген уақытта «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Жеке кабинет арқылы төлем жасау лимитін өзгертуге/оның күшін жоюға құқылы.
47. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қолжетімді қызметтер тізбесі Мобильді қосымшада қолжетімді тізбеден өзгеше болуы мүмкін және Банк оны өз бетінше айқындайды.
48. Клиент Мобильді қосымшаны пайдаланған кезде Клиентке қызмет көрсету барысында Мобильді қосымшада көрсетілген нұсқаулықты қолдануға міндетті.
49. Қызметтер «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Банк айқындаған шектеулер мен лимиттер ескеріліп көрсетіледі. Егер «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызметтерді таңдау немесе Банк ұсынған валютаны өзгерту мүмкіндігі болмаса, онда мұндай қызмет көрсетілмейді (басқа валютада көрсетілмейді).
50. Егер Банктің Тарифтеріне сай қызмет көрсеткені үшін комиссия алу көзделсе, комиссияның мөлшері туралы ақпарат, сондай-ақ комиссия ескерілгенде Операцияның жиынтық сомасы Клиент Банктің осындай қызмет көрсетуіне келісім берген және Шартқа қосылған сәтке дейін «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында, Мобильді қосымшада көрсетіледі.
51. Төлем карточкасы арқылы Операция жасалған кезде комиссия Операцияның сомасынан есептеледі және Авторлануға сұратудың жалпы сомасына қосылады. Егер қызмет көрсеткенге дейін комиссия төлеудің басқа талаптары «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы немесе Мобильді қосымша немесе Байланыс арналары арқылы Клиентке хабарланбаса, Банк комиссияны Клиенттің қосымша өкімдерінсіз оның пайдаланылуымен Операция жасалған төлем карточкасының банктік шотынан Операция (аударым/төлем) сомасынан үстеме мөлшерде есептен шығарады.
- Төлем карточкасын пайдаланбай Операциялар жасаған кезде, Банк комиссияны Шотты тікелей дебеттеу арқылы есептен шығарады. Операцияны жасай отырып, Клиент Банкке осы тармақта көзделген тәртіппен Банк хабараған сомада комиссияны есептен шығаруға келісім береді.
52. Операция жасалған немесе Авторланған сәтте тиісті банктік шотта Қызмет көрсетуге және Комиссияны төлеуге (егер оны алу көзделсе) жеткілікті сома болмаған кезде, сондай-ақ

Эмитент Авторландырудан бас тартқан жағдайда, Банк қызмет көрсетуден бас тартады және төлем/аударым жүргізбейді.

53. Банк «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының экрандық нысанына Қызмет көрсету нәтижесімен хабарламаны шығару арқылы немесе Мобильді қосымша немесе байланыс арналары арқылы Қызмет көрсету нәтижелері туралы Клиентке хабарлайды. Төлем карточкаларының арасында ақша аударған кезде Банк Эмитенті емес төлем карточкасына ақшаны есепке жазу мерзімі төлем карточкасының Эмитент банкінің талаптарына байланысты және қызмет көрсетілген сәттен бастап 48 сағатты құрауы мүмкін.

§3. «kaspi.kz шотына» қызмет көрсету

54. «kaspi.kz шотына» банктік қызмет көрсету аясында Клиенттің:

- 1) Шоттар бойынша жасалған Операциялар туралы ақпарат алуға;
- 2) ағымдағы баланс және Клиентке қолжетімді ақшаның жалпы сомасы, Қолжетімді қалдық туралы ақпарат (Шот бойынша Үзінді көшірме) алуға;
- 3) төлем карточкасын және АТТК-ны (АТТК деректемелерін) пайдалана отырып, Электрондық төлем қызметін көрсетуге;
- 4) Төлем карточкасын және АТТК-ны (АТТК деректемелерін) пайдалана отырып, Ақпараттық банктік қызмет көрсетуге;
- 5) АТТК, Электрондық ақша сатып алуға, АТТК балансын/Қолжетімді қалдықты балансын есепке алуға және АТТК-ға және төлем карточкасына байланысты Операциялар жөніндегі ақпаратты есепке алуға;
- 6) Банк көрсететін, соның ішінде адалдық бағдарламасы аясында көрсетілетін өзге төлемдік емес қызметтер жөнінде ақпарат алуға құқығы бар.

55. «kaspi.kz шоты» қызметі мыналарға:

- Банкте ағымдағы және/немесе жинақ шоттары бар/болған (Клиенттер),
- Клиенттер олардың пайдасына банктік операциялар жүргізген және Банкте олар бойынша байланыс ақпараты бар;
- Ережелерге және Шартқа сәйкес «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Анықтаудан және/немесе тіркеуден өткен жеке тұлғаларға көрсетіледі.

56. «kaspi.kz шоты» Клиенттің банктік шоты емес. «kaspi.kz шоты» Клиентке Интернет желісі арқылы жеткізушілердің (ССК) қызмет ақысын төлеу мақсатында, сондай-ақ Ережелерде көзделген электрондық банктік қызметті көрсету үшін ашылады.

57. kaspi.kz шотынан жеткізушілердің (ССК) қызмет ақысын төлеу www.kaspi.kz мекенжайы бойынша сайтқа орналастырылған «Kaspi Bank» АҚ алдын ала төленген төлем карточкасын шығару, тарату және оған қызмет көрсету ережелеріне» сәйкес жүргізілуі мүмкін.

58. «kaspi.kz шотын» толықтыру мынадай тәсілмен АТТК-ны сатып алу арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Банктің Терминалдары арқылы қолма-қол ақша төлеу;
- 2) АТТК-ны іске асыру туралы шарттар жасалған Банктің серіктестерінің өздігінен қызмет көрсету терминалдары арқылы қолма-қол ақша төлеу;
- 3) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Банкте ашылған Клиенттің жинақ және/немесе ағымдағы шоттарынан ақша аудару арқылы қолма-қол жасалмайтын төлеммен;
- 4) 3-тұлғалардың тапсырмасымен ақшаны есепке жазу арқылы қолма-қол жасалмайтын төлеммен;
- 5) екінші деңгейдегі басқа банктерде шығарылған «Visa», «MasterCard» халықаралық төлем жүйесінің төлем карточкаларымен «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында ақша аудару арқылы қолма-қол жасалмайтын тәсілмен.

59. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Анықтаудан/Тіркеуден өткеннен кейін Клиент «kaspi.kz шотына» қолжетімділік алады (сайтта жазылған, тіркелу және қолжетімділік алу әрекеттерінің сипаттамасы, соның ішінде Клиенттің сәйкестендірілуі және Құпиясөз алу рәсімі берілген нұсқаулыққа сай).

60. «kaspi.kz шоты» арқылы банктік қызмет Банкпен банктік қызмет көрсету шарттарын, банктік салым шартын, банктік қарыз шартын, төлем карточкасын шығару шартын және т.с.с. жасасқан және/немесе «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Анықтаудан/Тіркеуден өткен жеке тұлғаларға көрсетіледі.

§4. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы және «kaspi.kz шотына» қызмет көрсетудегі Банк пен Клиенттің құқықтары мен міндеттері

61. Банктің:

- 1) егер Клиент Шартта және Ережелерде көзделген тәртіппен сәйкестендірілмесе және бірдейлендірілмесе, сондай-ақ ақша сомасы, Қолжетімді қалдықтың (Шоттардағы ақшаның) сомасы операцияларды жүргізуге және Тарифтерде көзделген комиссияларды есептен шығаруға жеткіліксіз болған жағдайда, Клиент сұраған Операцияны жасауға төлем карточкасының Эмитентінен Авторлану алмағанда; қызмет көрсетілген сәтте қолданыста болған, олар туралы ақпарат «kaspi.kz» интернет-ресурсы немесе байланыс арналары арқылы клиенттің назарына жеткізілетін, Банк белгілеген шектеулер мен лимитер немесе төлем карточкасының Эмитенті белгілеген лимиттер/шектеулер бұзылғанда; банктік шоттардың/төлем карточкаларының валюталары Операция жасау валютасына сәйкес келмегенде; Операция жүргізілген, Авторланған сәтте банктік шотта Қызмет көрсетуге және Комиссияны төлеуге жеткілікті сома болмағанда, сондай-ақ Эмитент Авторланудан бас тартқан жағдайда; заңды тұлғаның банктік шотына шығарылған корпоративтік төлем карточкасы бойынша Операция жасалғанда, Шоттар бойынша Операциялар жүргізуден бас тартуға;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің шоттары бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға;
- 3) төлем деректемелерін көрсеткен кезде Клиенттің жіберген қатесі анықталған жағдайда, Клиент Банкке қажетті құжаттарды/деректемелерді бермегенде немесе толық жиынтығын бермегенде, сондай-ақ операция ҚР заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және Шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда, Клиенттің тапсырмасын орындамауға;
- 4) Клиент Шарттың және Ережелердің талаптарын бұзған жағдайда, «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында көрсетілетін қызметтерге және «kaspi.kz шотына» қызмет көрсетуіне қолжетімділікті тосқауылдауға;
- 5) Құпиясөз жоғалған жағдайда, Банк Клиенттен бұл Қолжетімділікті жоғалту туралы жазбаша хабарламаны (соның ішінде факс арқылы) алатын сәтке дейін немесе Клиент Құпиясөзді тосқауылдайтын сәтке дейін Құпиясөзді пайдаланып жүргізілген операциялардың сомасы мөлшеріндегі ақшаны Шоттан есептен шығаруға;
- 6) Клиенттен құжаттарды және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес валюталық бақылауды жүзеге асыруға қажет басқа да ақпаратты сұратуға;
- 7) Шартта көзделген іс-әрекеттерді жасауға құқығы бар.

62. Клиенттің:

- 1) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында пайдаланып, Шоттар бойынша үзінді көшірмелер алуға;
- 2) Шоттардағы ақша қалдығы/Қолжетімді қалдық шектерінде Шоттар бойынша операциялар жүргізуге;
- 3) Шартқа және/немесе Банктің тарифтеріне Банктің енгізетін өзгерістерімен және/немесе толықтыруларымен келіспеген жағдайда, Шартты бұзуға;
- 4) кез келген сәтте Шартты бұзғысы келетіні туралы Банкке Шартты бұзатын болжамды күнге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлауға;
- 5) Шартта көзделген іс-әрекеттерді жасауға құқығы бар.

63. Шарттың, Ереженің талаптары бұзылған жағдайда, Банктің екінші Тарапқа жазбаша хабарлама беріп, мынадай шаралардың бірін қолдануға:

- 1) қызмет көрсетуді шектеуі мүмкін екенін ескертуге;
- 2) қызмет көрсетуді шектеуге және (немесе) тоқтата тұруға;
- 3) бір немесе бірнеше Тараппен Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

64. Банк рұқсатсыз төлемдерді тексеру, шаралар қолдану және ескерту мәселелерінде ынтымақтастық орнатуға міндеттенеді.

65. Банктің аталған шектеулерді белгілеу және/немесе өзгерту туралы шешімі жайлы ақпарат Банктің www.kaspi.kz мекенжайындағы Интернет желісіндегі Банктің WEB-бетінде орналастырылады;

66. Клиентте бірнеше АТТК болса және ол Операциялар жасаған жағдайда, Банк АТТК-дан олардың шығарылу кезектілігі тәртібімен (бірінші кезекте неғұрлым бұрын шығарылған АТТК пайдаланылады) төлемдік банктік қызметті көрсетеді.

67. «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсетілген кезде алдын ала төленген төлем карточкаларын қате сатып алған жағдайда, Клиент Банкке ақшаны Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы шотына аудару туралы өтініш білдіреді немесе «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында алдын ала төленген төлем карточкаларындағы ақшаға билік ету әрекеттерін жасайды.

68. Клиентке АТТК арқылы қолжетімді ақша Банктің кассасында қолма-қол ақша түрінде алынбайды.

§5. Банктік қызмет көрсетудегі қауіпсіздік рәсімдері және «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы және kaspi.kz. шотына қызмет көрсетілгендегі шиеленісті жағдайларды шешу. Тараптардың жауапкершілігі

69. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсына және «kaspi.kz. шотына» қол жеткізу HTTPS қорғалған хаттамасы бойынша www.kaspi.kz сайтына қосылу арқылы жүзеге асырылады. «kaspi.kz. шотына» «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы арқылы қызмет көрсетіледі. Клиенттің техникалық құралы мен «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының сайты арасында берілетін деректер DigiCert Inc компаниясының сертификатымен шифрланады. Шифрлау беріктігі 128 бит болып анықталған.

70. Интернет желісіндегі мекенжай - www.kaspi.kz Банкке тиесілі. Банк «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы сервистерінің пайдаланушыларына олардың дербес деректері мен төлем деректерінің қорғалатынына кепілдік береді.

71. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының бағдарламалық-техникалық кешені, сондай-ақ банктік жүйелермен өзара әрекет ету модульдері тек Банктің аумағында ғана орналастырылады. Банк www.kaspi.kz бағдарламалық-техникалық кешенінің иесі болып табылады.

72. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсының бағдарламалық-техникалық кешені бөлек қорғалған шағын желіге бөлінген. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсы мен банктік жүйенің тікелей қосылыстары жоқ.

Пайдаланушылар Анықтау және/немесе Тіркеу рәсімінен өткеннен кейін ғана немесе Клиенттің Логині мен Құпиясөзін беруі арқылы «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы қызметке қолжетімділік алынуы мүмкін.

73. Құпиясөзді растау үшін Клиент Логин ретінде пайдаланылатын Клиенттің мобильді телефонына Банктің жіберген ЖДСК енгізуі қажет.

74. ЖДСК-нің әрекет ету уақыты 15 минутқа тең.

75. Құпиясөзді өзгертуге әр жаңа сұрату қайта түрлендірілген ЖДСК-мен ғана расталуы мүмкін. Дұрыс Құпиясөзді көрсетуге 3 талпыныс беріледі, әйтпесе «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Клиенттің қолжетімділігіне 15 минутқа тосқауыл қойылады.

76. Электрондық төлемдік Операциялар Клиенттің Телефон нөміріне жіберілген ЖДСК-мен қосымша расталуы мүмкін, оның нөмірі «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында Логин болып табылады.

77. Қауіпсіздік және Клиенттің құралдарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Банктің Клиенттің «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы қолжетімділігін тосқауылдауға құқығы бар.

78. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы Клиенттердің барлық әрекеттері туралы ақпарат арнайы жүйелерде сақталады (мұндай деректерді сақтау мерзімі 10 жыл).

79. «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында шиеленісті жағдайлар туындаған кезде және «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсеткен кезде:

1) Клиент мекенжайын, телефон нөмірін, шағымының мазмұнын және өзге де ақпаратты көрсете отырып, [https://kaspi.kz/guide/ask/form to fill/](https://kaspi.kz/guide/ask/form%20to%20fill/) сілтемесі бойынша өтіп, жазбаша түрде хабарлама жолдайды немесе Банктің Call Center-іне 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан үшін) телефондары арқылы қоңырау шалады;

2) Банк өтінім тіркелген күннен бастап 15 күннің ішінде Клиенттің өтінімін қарастырады;

3) Банк Клиентке жауабын Банкке жолданған хабарламада көрсетілген мекенжайға жазбаша түрде жібереді.

80. Мына жағдайларда:

- 1) қызметті өшіру туралы Клиенттің өтініші болғанда; қызметті өшіру туралы Клиенттің жазбаша өтінішін алғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні өткенде «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызмет көрсету тоқтатылады;
 - 2) www.kaspi.kz сайтында техникалық жұмыстар жүргізілгенде (Банк мұндай жұмыстар кезеңін бұл туралы хабарламаны сайтқа орналастыру арқылы жұмыстар тоқтатылғанға дейін 15 минут бұрын хабарлайды);
 - 3) оларға сәйкес қызмет көрсету тоқтатылатын немесе тоқтатыла тұратын Клиентпен жасалған шарттардың талаптары өзгергенде «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызмет көрсету тоқтатыла тұрады немесе тоқтатылады.
81. Банк құпиясын құрайтын ақпаратқа заңсыз қол жеткізілгені, оның заңсыз өзгертілгені, Банк «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында қызмет көрсеткен және «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсеткен кезде туындайтын заңсыз төлемнің немесе ақша аударымының және өзге де заңсыз әрекеттердің жасалғаны анықталған кезде Банк бұл туралы оған қатысты осындай әрекеттерге жол берілген Клиентке олар анықталғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.
82. Құжаттарды ресімдеген кезде Клиенттің жіберген қателері үшін және «www.kaspi.kz» интернет-ресурсындағы қызметті пайдаланған және «kaspi.kz. шотына» қызмет көрсетілген кезде телефон нөмірлерін, деректемелерін қате көрсеткені үшін Банк жауапкершілік атқармайды.
83. Байланыс арналарын пайдаланған уақытта оларды тыңдаудың немесе жол-жөнекей ұстаудың, Клиент пайдаланатын құрылғының операциялық жүйесінің бұзылуы нәтижесінде Шоттар, Құпиясөз, Логин, ЖДСК немесе Клиенттің жүргізген операциялары туралы ақпарат өзге тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Банк жауапкершілік атқармайды.
84. Клиент Шартта көзделген оны Сәйкестендіру және Бірдейлендіру құралдарын пайдалану арқылы «www.kaspi.kz» интернет-ресурсында және Жеке кабинет арқылы «kaspi.kz шотына» қызмет көрсетілгенде жүргізілетін барлық операциялар үшін жауапкершілік атқарады.
85. Клиент Шартта көзделген оны Сәйкестендіру және Бірдейлендіру құралдарын пайдаланып, Мобильді қосымша арқылы жүргізілетін барлық операциялар үшін жауапкершілік атқарады.
- Мобильді қосымшаның жұмысын Мобильді қосымшада жазылған нұсқаулықтарға сай аяқтау қажет.

3-тарау. Терминалдар арқылы электрондық банктік қызмет көрсету талаптары

86. Ережелердің осы тарауының мақсаты үшін пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар төмендегіні білдіреді:
- 1) Терминал – қолма-қол ақша беру (қабылдау), төлемдер мен ақша аударымдарын жасау операцияларын, айырбастау операцияларын және өзге де банк операцияларының түрлерін соның ішінде төлем карточкаларын (алдын ала төленген төлем карточкаларын) пайдалана отырып жүргізуге, сондай-ақ тиісті операциялардың жүргізілу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған электрондық-механикалық құрылғы;
 - 2) Іске қосу – Клиенттің Терминал арқылы электрондық банктік қызметті пайдалану фактісін растау рәсімі;
 - 3) АТТК – Клиенттің ССК-да/«www.kaspi.kz» интернет-ресурсы арқылы/Терминалдар арқылы Операциялар жүргізуіне арналған банктік алдын ала төленген төлем карточкасы;
 - 4) Операция – АТТК-ны (немесе АТТК деректемелерін) пайдалана отырып тауардың (жұмыстардың, қызметтің) ақысын төлеу операциясы, электрондық банктік қызметті (Электрондық төлем қызметін және ақпараттық банктік қызметті) жүргізу операциясы.
87. Банктік шот ашпастан, Терминалдар арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жасау Терминалдарды пайдалана отырып, Банк жіберушіден қолма-қол ақшаны қабылдаған кезде жасалатын төлемдік электрондық хабардың (бұдан әрі – төлемдік хабар) негізінде жүргізіледі. Төлемдік хабар бенефициардың пайдасына төлем және/немесе ақша аударымын жасау туралы ақша жіберушінің Банкке нұсқауын білдіреді.
88. Банктік шот ашпастан, Терминалдар арқылы қолма-қол ақша жарналау арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жасаған кезде ақша жіберушіге чек беріледі, онда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндетті деректемелер берілуі тиіс.

89. Ақша жіберушіге Терминал беретін чек бастапқы құжат болып табылады және Терминал арқылы Банкке қолма-қол ақша жарналау арқылы төлем және/немесе ақша аударымын жасау фактісінің растамасы болады.
90. Терминалдар арқылы қолма-қол ақшаны қабылдағаннан кейін және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған чекті бергеннен кейін Банктің ақша жіберушінің алдында бенефициардың пайдасына төлем және/немесе ақша аударымын жасау міндеттемесі немесе алдын ала төленген төлем карталарын шығару және оларға қызмет көрсету міндеттемесі туындайды.
91. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, мынадай:
- 1) жеке сессияның шегінде бірегей ЖДСК-ні түрлендіру және ЖДСК-ні міндетті түрде енгізу;
 - 2) Клиентті Бірдейлендіру барысында мобильді телефон нөмірін немесе Клиенттің туған күнін немесе ЖСН-ді немесе банктік қызмет көрсету шартының нөмірін немесе жеке цифрлық кодты (ЖЦК) қосымша енгізуді пайдалану;
 - 3) Клиентті Сәйкестендіру мақсатында Терминалға төлем карточкасын енгізу әрекеттерінің бірі немесе бірнешеуі сақталған кезде, Терминал арқылы көрсетілген әр электрондық төлем қызметі сүйемелденеді.
92. Ақпаратты беру деректерді шифрлау әдісін пайдалана отырып, байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады.
93. Бірдейлендіру тәртібі мынадай кезендерден тұруы мүмкін:
- Клиентті телефон нөмірі немесе ЖСН нөмірі немесе банктік қызмет көрсету шартының нөмірі бойынша іздеу;
 - Клиенттің туған күнін немесе ЖЦК-ны қосымша сәйкестендірушіні енгізу арқылы сәйкестіктерді алып тастау;
 - Клиенттің карточкасымен байланысты Банк өнімдерін іздеу;
 - Терминал арқылы Банктің қызметін пайдалану мүмкіндігі туралы Клиентке хабарлау.
94. Банктің АБАЖ-да Клиенттің сәтті Бірдейлендірілуі және Сәйкестендірілуі Клиенттің электрондық банктік қызметті алуға құқығының растамасы болып табылады.
95. Клиент Қызметті алу үшін Терминалда бірдейлендірілу процесінің барлық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.
96. Банктің:
- 1) егер Клиент Шартта көзделген тәртіппен сәйкестендірілмесе және бірдейлендірілмесе, сондай-ақ Қолжетімді қалдықтың (Шоттардағы және АТТК-дағы ақшаның) сомасы Банк өнімінің талаптарына сай толықтырылатын ең көп сомадан асқан жағдайда, Шоттар бойынша операциялар жүргізуден бас тартуға;
 - 2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Клиенттің операцияларының жүргізілуін тоқтата тұруға;
 - 3) төлем деректемелерін көрсеткен кезде Клиенттің жіберген қатесі анықталған жағдайда, Клиент Банкке қажетті құжаттарды/деректемелерді бермегенде немесе толық жиынтығын бермегенде, сондай-ақ операция Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келген жағдайда, Клиенттің тапсырмасын орындамауға;
 - 4) шоттар бойынша салынған тыйымдар, шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, заңнамаға сәйкес өзге шектеулер болған жағдайда, электрондық терминалдарда көрсетілетін қызметке қолжетімділікті тосқауылдауға құқығы бар.
97. Аталған шектеулерді белгілеу және/немесе өзгерту туралы Банктің шешімі туралы ақпарат Интернет желісіндегі Банктің www.kaspi.kz мекенжайындағы WEB-бетінде орналастырылады. Клиентке Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тарапынан қойылған талап болған жағдайда, Банк Операциялар (электрондық төлем қызметі және ақпараттық банктік қызмет) жүргізуден бас тартуға және Терминал арқылы электрондық банктік қызмет функционалын шектеуге құқылы.
98. Клиенттің:
- 1) Терминал арқылы Банктің ережелеріне сай Банк іске асыратын саны шектеусіз АТТК-ға ақы төлеу Операцияларын орындауға;
 - 2) АТТК-ға ақы төлеу қызметін жүзеге асыру және электрондық төлем қызметін көрсету фактісін растайтын, заңнаманың талаптарына және Банктің талаптарына/тілегіне сәйкес келетін нысандағы құжатты алуға;

3) «www.kaspi.kz» интернет-ресурсын пайдаланып, Шоттар бойынша есептер мен Үзінді көшірмелер алуға;

4) чек болған кезде Банктен даулы жағдайларды қарауда көмек сұрауға;

5) заңнамада және Ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Интернет желісіндегі Клиенттердің банктік шоттарына байланысты АТТК-ны және несие/дебеттік төлем карточкаларын пайдалану арқылы ақшаға билік етуге және Операциялар жүргізуге құқығы бар.

99. Клиент Клиентке электрондық банктік қызмет көрсету барысында Терминал экранында көрсетілген нұсқаулықтарды сақтауға міндетті.

100. Банк:

1) рұқсатсыз төлемдерді тексеру, шаралар қолдану және ескерту мәселелерінде ынтымақтастық орнатуға;

2) Клиенттің сатып алынған АТТК сомасындағы ақшаны аударуға талабы келіп түскен жағдайда, Банктің ішкі нормативтік құжаттамасында белгіленген ережелерге сай ақшаны есепке жазуға;

3) Клиентке электрондық банктік қызмет көрсету фактісі бойынша банктік құпияны сақтауға;

4) Электрондық банктік қызмет көрсеткен кезде Клиенттен алған ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

101. Құжаттарды ресімдеген кезде Клиенттің жіберген қателері үшін және Терминалдардағы қызметті пайдаланған кезде телефон нөмірлерін, деректемелерін қате көрсеткені үшін Банк жауапкершілік атқармайды.

102. Байланыс арналарын пайдаланған уақытта оларды жол-жөнекей ұстаудың нәтижесінде Клиенттің жүргізген операциялары туралы ақпарат өзге тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Банк жауапкершілік атқармайды.

103. Клиент оны сәйкестендірудің және бірдейлендірудің Шартта көзделген құралдарын пайдалану арқылы Терминал арқылы жүргізілетін барлық операциялар үшін жауапкершілік атқарады.

Даулы жағдай болған кезде Клиент мекенжайын, телефон нөмірін, шағымының мазмұнын және өзге де ақпаратты көрсете отырып, https://kaspi.kz/guide/ask/form_to_fill/ сілтемесі бойынша өтіп, электрондық түрде хабарлама жазуға немесе Банктің Call Center-іне 8-727-258-59-55 (Алматы үшін) және 8-800-080-18-00 (бүкіл Қазақстан үшін) телефондары арқылы қоңырау шалуға (ауызша өтініш білдіруге) құқылы. Банк мұндай өтініш/электрондық хабар тіркелген күннен бастап 15 күннің ішінде Клиенттің өтінімін қарастырады.

104. АТТК-ны шығару, оған қызмет көрсету, онымен Операциялар жүргізу туралы мәселелер мен ережелер www.kaspi.kz сайтында орналастырылған АТТК-ны шығару және оған қызмет көрсету ережелерінде анықталады.
